



СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

САХАТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленум ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХА

16 декабрьде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болып, онда ұйымдық мәселе қаралды. Пленум Д. А. Наевты пенсияға шығуына байланысты республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары міндетінен босаты.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып КПСС Орталық Комитетінің мүшесі Г. В. Колбин

сайланды. Ол бұған дейін Ульянов облысының бірінші секретары болып істеген.

Пленумның жұмысына КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары Г. П. Разумовский, КПСС Орталық Комитетінің партиялық жұмыс бөлімінің сектор меңгерушісі қатысты.

«Социалистік Қазақстанды» оқымайтын ауылдар

О, тоба! Құлақ естігенді көз көрген соң не дерсіз. Өз ана тілінде шығатын басылымдарды жаздырып алмайтын жекелеген адамдар жайында ұдайы айтылып та, жазылып та жүргені баршаға мәлім. Өз қолыңды өзің кесесің бе? Ең өкініштісі, туған тілінде екі ауыз сөздің басын біріктіріп сөйлей алмайтын, не болмаса екі сөзді дұрыс оқи алмайтындардың ертеңіне сергек те, сенімді қарамауы екен. Ал, бүгінгі ақжарылқап заманда өз тағдырын, өз мұңын, өз болашағын шешуге бел буып, ұмтылмаған жандардан не үміт, не қайыр?

Осы орайда жүйкемізді жонып, жанымызды жегідей жеген жайдың еріксіз «аһ» ұрғызып отырғанын жасыра алмаймыз. Күйінішті әңгімемізді жалғыз ғана деректің төңірегінде — баспасөзге жазылуға байланысты баындауды жөн санадық. Соңғы кезде қазақ тілінде шығатын газет-журналдар көбейе түсуде. Бұған қуануымыз керек. Өйткені, ол өреміз бен өрісіміздің өскенін, еңсеміздің көтерілгенін, тіліміздің айрықша құрметке ие

болғанын көрсетеді. Сөйте тұра, қазақ тілінде жарық көретін сан алуан газеттер мен журналдарды шетінен тізбелемей-ақ, бір ғана қазақ баспасөзінің көшбасшысы «Социалистік Қазақстанның» Солтүстік Қазақстан облысы бойынша таралуы туралы біреп сөз айтқан жөн шығар. Осының өзінен-ақ көп жайға қанық боларыңыз анық.

Сонымен, қазіргі таңда облыс бойынша «Социалистік Қазақстан» газеті 1302 дана тарайды. Аз ба, көп пе? Бейнелеп жеткізсек жүз он бес мыңға жуық қазағы бар облыс үшін бұл, әрине, теңіз емес-ау, мұхиттың жалғыз тамшысындай ғой. Шалғайда жүріп еміс-еміс естігенде сенбейтін кейбір келеңсіз көріністерге өзіміз де куә болдық. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы саналатын, жетпіс жылдық өзіндік тарихы мен шежіресі бар «Социалистік Қазақстанды» үйіне жаздырып алмайтын бірен-

саран ағайындар емес, «СҚ»-ны мүлдем оқымайтын тұтас қазақ ауылдарын ұшыратқанда еріксіз жағамызды ұстадық.

Газетіміздің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі Амандық Әбжанов, Қазақ радиосының осы облыстағы меншікті тілшісі Жарасбай Сүлейменов үшеуіміз рухани әлемімізден оқшауланып қалған қазақ ауылдарының ондап саналатынына қатты налыдық. Сол ауылдардың кейбірін атап кеткенді жөн көрдік. Ленин ауданына қарасты «Николаев» совхозының Қаратал ауылында бірде-бір адам «Социалистік Қазақстан» газетін жаздырып алмайды екен. Осындай ауылдардың қатарына Бескөл ауданындағы Бостандықты, Мамлют ауданындағы Бексейіт пен Октябрьді, Сергеев ауданындағы Қараталды, Жамбыл ауданындағы Талпынды, Воз-

вышен ауданындағы Ленин атындағы ауылдарды жатқызамыз.

Сондай-ақ, кейбір іргелі шаруашылықтардың «Социалистік Қазақстанды» тамтұмдап қана жаздырып алатыны көңілге қаяу салған. Қазақ әдебиетінің алыптары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтердің туып-өскен совхоздарының әрқайсысы 5-6 данадан ғана «Социалистік Қазақстан» алатындығы қандай өкінішті. Сегіз Серінің қасиетті ұясы саналатын Айымжан ауылы, белгілі революционер Баймағанбет Ізтөлиннің туған жері Киров, Баян ауылдарының әрқайсысы екі-үш данадан ғана «Социалистік Қазақстан» жаздырып алатындығы көңілдегі күдікті сейілтудің орнына қалыңдата түскендей. Сонда қалай, өз қанын, өз топырағын, өз ұланын қас-терлеп, олардың аяулы есімдерін құрметтей алмаушылық па?

Жоғарыда тілге тиек еткен ауылдардағы көріністер бүкіл аудандарға ұласқанға ұқсайды. Мәселен, «Қазақтың Пушкині» атанған Мағжан Жұмабаевтың ауданы саналатын Булаев ауданы бойынша «Социалистік Қазақстанды» үйіне жаздырып оқитындардың саны жүзге де жетпейді. Ал, Бескөл, Соколов, Возвышен, Преснов аудандарындағы оқырмандар саны елуден аспайды.

Қазақ тұрғындары ұйысқан Жамбыл, Сергеев аудандарының ана тілінде шығатын газет-журналдарға жазылуы да көңіл көншітпейді. Біз бұған осы аудандарды және Мамлют, Преснов аудандарын аралағанда көз жеткізе түстік. Бөрінен де қиыны жан беріп, жан алысып жүріп қол жеткізген қазақ тілінің мәртебесі биіктеп жатқан сәттегі ағайындарымыздың бейқамдылығы, жайбасарлығы, жалған патриоттық сезімдері қатты алаңдатқан. Республикамыз-

дың егемендігіне ие болып, өз тізгінімізді өз қолымызға ұстаған жауапты да қиын шақта қолтықтан демеудің орнына солтүстікқазақстандық оқырмандардың ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарауы өкінішті-ақ. Газет көтеріп жатқан көкейкесті мәселелерді, толғақты проблемалардың бірде-біреуін оқымай, естімей отырған ағайындар газеттің бағыт-бағдары мен болашақ жоспарлары туралы әңгімені біздің аузымыздан естігенде өз ілтипаттарын шынайы білдіріп жатты. «Біздің арамызда қазақ газет-журналдарын

таратуға байланысты үгіт-насихат жұмыстары жүргізілмейді». Міне, баршасының айтар сылтауы осындай.

«Балық басынан шіриді» дегендей республикалық аға басылымға облыстық деңгейдегі жауапты мекемелер басшыларынан бастап, іргелі шаруашылықтардың жетекшілеріне дейін үйлеріне жаздырып оқымайтындығына көзіміз анық жетті. Бұған не дерсіз? Олардың баспасөзге жазылуға байланысты жауапты науқанда жанашырлық көрсете алмағандығын жоғарыдағы деректердің өзі-ақ айқындай түскендей.

Жанат ЕЛШБЕКОВ,
«Социалистік Қазақстанның» арнаулы тілшісі.
Солтүстік Қазақстан облысы.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА. Ақ түтек, көк тайғақта оқырмандармен жүздесуде «Социалистік Қазақстанға» жазылған қазақ ауылдарының соңғы құжаттарының байланыс бөлімшелеріне әлі де тапсырылмай отырғандығы анықталып отыр. Ал, баспасөзге жазылуға небәрі санаулы тәуліктер қалғанын ескерсек, уақыттың ырғалып-жырғалуды көтермейтінін ескерткіміз келеді.